

Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 желтоқсандағы N 1301 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 наурыздағы № 272 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салуларды, кейбір кедендік режимдерге орналастыруға тыйым салынған тауарлардың тізбелерін, сондай-ақ жекелеген кедендік режимдерге орналастырылған тауарлармен жасалатын операцияларды жүргізуге арналған тыйым салулар мен шектеулерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 шілдедегі N 681 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 29, 284-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салуларда :

"Қазақстан Республикасына әкелуге тыйым салынған тауарлар" деген 1-бөлім мынадай мазмұндағы 3-3-тармақпен толықтырылсын:

"3-3. Рулі оң жақтан басқарылатын автокөлік құралдары.

Ескертпе. Осы тармақ "тауарларды еркін айналыс үшін шығару" және "тауарлар мен көлік құралдарын уақытша әкелу" кедендік режимдерінде тауарлар мен көлік құралдарын әкелуге қолданылады".

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі бір ай мерзімде рулі оң жақтан басқарылатын автокөлік құралдарын одан әрі пайдалану мәселелерін реттеуге бағытталған заң жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер, Индустрия және сауда, Көлік және коммуникация министрліктері 2007 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде автокөлік құралдарына қауіпсіздік талаптарын белгілейтін техникалық регламенттің жобасын әзірлесін.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі осы қаулының 1-тармағына сәйкес белгіленген тәртіппен Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетін Қазақстан Республикасының

автокөлік құралдарын әкелуге шектеулер енгізгендігі туралы хабардар етсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК